

Орталық балалар кітапханасы
аудандық кітапхана ғимаратының 140. 2.
кв. көлемінде орналасқан.

Азамат соғысы, елді мекендердің қай-қайсына болмасын өзінің қайғылы ізін қалдырды. Ақ қазақтар шегіне жүріп ауылдарды ойрандап, өртеп кетті. Лбішіннің төрттен үш бөлігі қиратылды. Бірақ өмір тоқтап қалған жоқ. Соғыс кезінде қираған ауылдар бірте-бірте бой көтере бастады. Кітапхана да жоғарыда айтып кеткен ауыл тұрғындарына кітапханалық қызмет көрсетуді 1919 жылы В.И. Чапаевтың атақты 25-ші атқыштар дивизиясының штабы орналасқан ғимаратта бастаған болатын.



Акжанский районный
отдел культуры
Заведующей
Мухитовой Р.

На Ваш № 26 от 13.02.2002 отвечаем: по документам Государственного архива Западно – Казахстанской области в протоколах заседания исполкома Чапаевского районного Совета депутатов трудящихся № 27 от 29.06.51 (решение № 257) указывается об открытии районной детской библиотеки в пос. Чапаево с 01.07.51.

Данные подтверждаются перспективным планом развития сети культпросветучреждений Западно- Казахстанской области на 1951 год, где также говорится об открываемой районной детской библиотеки в райцентре.

Ауыл тұрғындарына кітапханалық қызмет көрсетуге арналған бұл кітапханада әдейі балалар кітапханасы болмағанымен де балаларды, жасөспірімдерді оқуға тартып, оларға арналған көпшілік шараларының жүргізілгені анық. Яғни аудандық кітапханада балаларға арналған бөлім қызмет істеді. Кейінірек 1951 жылдан Чапаев ауданындағы балалар кітапханасының ашылды.

Основание: ф-790 оп-11 Д-356 лл 234-234 об, ф-1759 оп-1 д-25 л 37.



Директор:

А.Карин

А.Карин

1962 жылы 4 желтоқсандағы Қазақ ССР мәдениет министрлігінің хаты негізінде Чапаев ауылындағы балалар кітапханасы жойылып, 1964 жылы 15 мамырдағы мәдениет бөлімінің №33 бұйрығы негізінде балалар кітапханасы қайта ашылды.

Сонан кейін, кітапханаға ауыл орталығынан Ленин көшесіндегі №55-ші, 81 шаршы метрді құрайтын жеке ғимарат берілді. Міне біздің балалар кітапханасы да осы ғимараттың оң жақ қанатында орналасты. Әрине, ол ғимаратты қазіргімен салыстыру қиын, кітапханаға қолайсыздау болды. Бір этажды болғандықтан ба қараңғылау, ошақпен жылытатын, осының бәріне қарамай біздің кітапханашылар аянбай адал еңбек етті.

1995 жылдың тамыз айынан бастап, 1971-ші жылы салынып, кеңес дәуірінде балабақша болған 2 этажды ғимаратқа көшірілді. Бұл аудандық кітапхана ғимаратының 140.2 кв. көлемінде орталық балалар кітапханасы орналасып, бүгінгі күнге дейін өз оқырмандарын білім нәрімен сусындатып келеді.



1968-1995 жылдардағы кітапхана ғимараты.

**Білімнің қайнар бұлағы кітапхана.
Рухани азық боп ауылыма.
Елу бес жыл жас ұрпақтың көсемі боп.
Тұрғандай-ақ қол бұлғап оқырманға**

Аудан орталығындағы әсем ғимаратта орналасқан балалар кітапханасы-барлық білім ошақтары секілді өз оқырмандарына тәлімді тәрбие мен білім нәрін себуші қасиетті шаңырақтың бірі.

Балаларды кішкентай кезінен кітапқа деген сүйіспеншілігін, оқуға деген ынтасын арттыру - балалар кітапханасы кітапханашыларының міндеті. Әрбір шұғылалы таң кітапхана үшін өз жаңалығымен келеді. Сонау дүбірге толы кезеңнің XX ғасырында жасақталған балалар кітапханасы, дәуір

Орталық балалар кітапханасы

жаңалықтарын өз қоры арқылы ХХІ ғасыр оқырмандарына жеткізуде ешқандай тарихқа жазылмаған еңбектер атқарып, жасөспірімдердің сана сезімі жоғары, адамгершілік қасиеті мол, қандай қиын істер болса да орындауға дайын рухы күшті азаматтарды тәрбиелеуде елеулі үлес қосқаны мәлім.

1951 жылдың 5 тамыз айынан бастап аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі болып **Хамитова** тағайындалды. (бұйрық №24, 5.08.51ж.)

1952 жылдың 15 мамыр айынан бастап орталық балалар кітапханасының меңгерушісі болып **Джумағалиева Сақыпжамал** тағайындалды. (бұйрық №40, 15.05.52.)

1955 жылы балалар кітапханасының кітапханашысы болып **Е.В.Терина** (1955жыл, 24.08 бұйрық №111 пр.3)

1956 жылы балалар кітапханасының меңгерушісі **И.Ревкова** тағайындалды (1956 ж. бұйрық №21, пр.3 21.09.)

1960 жылы 25 қазан айынан бастап (бұйрық №105 пр.1.) аудандық балалар кітапханасының кітапханашысы болып **Мазгутова Евгения Ивановна** қызмет атқарған

1964 жылы балалар кітапханасының кітапханашысы қызметіне **Н.Давлятова** қабылданды. (бұйрық №30, пр.3, 1964.06.05.)

1965 жылдан бастап балалар кітапханасы **Черекоева Зинаида Васильевна** қызмет етіп, кейін 1979 жылға дейін **Жұмағалиева Сақыпжамал** меңгеруші болып жұмыс жасады.



Заман желісі аясында кітапхана жұмысында жастарды тарихи-революциялық дәстүрде тәрбиелеу тақырыбы ерекше орын алған 1960-1970 жылдар арасында «Ерлер және батырлық», «Жизнь замечательных людей» деген тақырыптарда кітап көрмелері жасақталып, оған шолулар жүргізілген. Кітапханашылар, жастарды сол заманға деген құштарлығын арттыра түсу мақсатында В.И.Лениннің өмірі мен қызметі туралы әдебиеттерді насихаттауды, Коммунистік партия мен совет халқының тарихи - революциялық және ерлік дәстүрлері, аға буындардың жастық шақтары, комсомолдың еңбектегі жетістіктері мен ерлік істері және тарихы туралы, Қазақстандағы тарихи-революциялық күрес туралы, Ұлы Отан соғысындағы қазақстандық батырлар туралы, Советтік Қазақстанның жетістіктері туралы баяндайтын әдебиеттерді насихаттау арқылы жұмыстарын жүргізіп отырған.

Жасөспірімдерді еңбекке тәрбиелеу мақсатымен, еңбектегі ерлік істер туралы, ауыл шаруашылық өндірістеріндегі озат тәжірибелерді баяндайтын кітаптарды кеңінен қолданып, оларды насихаттауда ауылдың озат егінші, малшыларымен кездесу кешін ұйымдастыру арқылы тәрбиелік маңызы зор шаралар ұйымдастырды.

Балалар кітапханасының бірден-бір жұмысы мектеп кітапханасы, мұғалімдер, ата-аналармен байланысты екені сөзсіз. Осы бағытта кітапханашы З.В.Черкаева ата-ана, мектеп, оқырман арасындағы байланысты зерделеп тың бастамалар көтеріп отырған.

1970-ші жылдары балалар кітапханасының меңгерушісі С.Жұмағалиеваның өткізген «Әрбір комсомолец- оқырман және кітап таратушы» деген тақырыптағы тартымды кештері, кітапханаға келмейтін жастарды анықтау, оларды қалайда кітапханаға тартуға байланысты ұйымдастырған тамаша шара болған.

1970-ші жылдары балалар кітапханасының кітап қоры 10 мың дана дай болып, оқырмандар саны 1.5 дай құрады.

Кітапхана жұмысының мазмұнды болуы кітапхана кадрларына байланысты. Кітапты ойдағыдай насихаттау-тек дайындығы мол маманның қолынан ғана келеді. Сондықтан да кітапхана қызметкерлері идеологиялық-теориялық және профессионалдық шеберлігін арттыруға облыстағы кітапханаға оқуға жіберіліп тұрғандығы туралы мәдениет бөлімінің бұйрықтарынан көруге болады.

1980-ші жылдардан балалар кітабының апталығын өткізу дәстүрге айналып отыр.

Отанға деген сүйіспеншілік, туған ауылдың, ауданның, қаланың тағдырына қатыстылық сезімі өздігінен туындамайды, оны тәрбиелейді. Өлке, оның тарихы туралы білімді кеңейту, өткенге қызығушылықты дамыту – Отанға, оның тарихына, мәдениетіне өзінің қатыстылығын одан әрі сезіне түсудің баспалдағы. Еліміздің өткені бүгінгі күнмен тығыз байланысты, сондықтан да кітапхана халық жадының, зиялы қатынастың орталығы ретінде өздігінен құнды. Онсыз дамудағы сабақтастықты қамтамасыз етіп, дәстүрді сақтап қалуға, нағыз отжүректер /патриот / тәрбиелеу мүмкін емес.

Өз ауданына, қаласы мен ауылына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, халықтың ғасырлар




Турсинова А.
Неделя детской книги//
Труд, 1983, 29 март.-
стр.3

бойы жасаған мәдени мұрасының құндылығын түйсіну, ата – бабамыздың жадын сыйлаудан, талантты отандастарымызды мақтан тұтудан басталады. Туған жердің жарқын өткенін білуге ұмтылу отжүректіктің дамуына күш береді. Осы орайда 1988 жылдан жерлесіміз, Ауған соғысының батыры Н.Майдановқа арналған ерлік сабақтар, кітап көрмелері, тақырыптық кештер жыл сайын батырдың туған күн аясында өткізілу жолға қойылған.

Қазіргі таңда кітапхана өмірі оқырмандарымен тыныстап келеді. Олар өздерінің кішкене жүректерін толғантқан сан- алуан сұрақтарына айналадағы әртүрлі құбылысқа байланысты түйген ой пікірлеріне, арман-қиялдарына жауапты, осы кітапханадан тапты. Сөйтіп, кітапхана оқырмандарының ең жанашыр досы болды. «Адамның ой-арманы, мақсаты кітаптың сәулесімен жарық көреді»-дейді. Олай болса орталық балалар кітапханасы , адамзаттың бақыты мен болашақтың құдіреті «кітапты сақтап, өз оқырмандарына жеткізетін». «Алтын көпір» ретінде қызмет етіп келеді.

1979-1985 жылдарда еңбек етіп, қазіргі кітапхананың қалыптасуына, жетістіктерге жетуіне өз үлестерін қосқан, Советтік Қазақстан мәдениетінің өркендеу кезеңімен біте қайнасқан ардагерлер кітапхана меңгерушісі **Жақсыбаева Зылиха Аронқызы, Галимуллина Любовь Анатольевна, Жадитова Айжан, Тұйғынбетова Балымзия .** Белес, 1999жыл.

Сондай-ақ кітапхана кадры әрдайым қозғалыста болып, кітапханаға балалар, жасөспірім жаңа буындарды тартуда өзіндік қолтанбаларын қалдырып қай уақытта да абыройлы қызмет еткен кітапханашылар баршылық.



(Белес. 1997 жыл)

1982 жылы қазан айында «Приуралье» газетінің меншікті тілшісі **Әбдірахманов** «Пропаганда краеведческой литературы» атты мақаласында Чапаев қаласы балалар кітапханасында иллюстративті кітап көрмесі сабақталғандығы туралы жазды. Сонымен қатар кітапханада оқушылардың көктемгі демалысы кезінде балалар кітабының

апталығын өткізу дәстүрлі шараға айналды. Кітапхана қызметкерлері аптаның әр күнінде түрлі тақырыптарда шаралар өткізіп, оқырмандармен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасады. Бұл туралы жергілікті «Труд» газетінің бетінде мақалалар тұрақты жарияланып тұрды.



1985-1986 жылдар аралығында балалар кітапханасында аға кітапханашы болып **Қонысова Бибігүл** жұмыс жасады.

1985 жылдан жас маман **Айтқалиева Марфуға** жұмысқа кірісіп, тақырыптар бойынша көз тартатындай көркем безендендірілген, терең мазмұнды, ашық көлемді кітап көрмелерін ұйымдастыруда балалар кітапханасына өзгерістер енгізді. Мыс: «Ертегілер әлемінде», «Классика патшалығы», «Өлкем менің- мақтанышым менің» көрме-панорама, кітап көрмесі оқырмандардың жүйелі, жан-жақты және терең оқуының қалыптасуын, кітап тандап алуда белгілі бір әдістердің қолдануын, оқу мәдениетінің қалыптасу дәрежесін білу үшін

жас маман атсалысып, «Сіздің балаңыз қандай бағытта оқиды?» атты оқырман оқуына талдау жұмыстарын жүргізді.

1993-1994 жылдары аудандық балалар кітапханасында **Жұбанғалиева Қаламқас Тілегенқызы** қызмет істеді. Еліміз егемендік алып,



1985 жыл. «Ертегілер елінде»



әлі де болса еңсесін тік көтере ала алмай тұрған шағы жасыратыны жоқ кітапхана саласына да қиындық туғызғаны. Дегенмен сол уақыттағы кітапханашылардың шыдамдылығы, төзімділігі оқырманның жүдеу көңілін түсірмегені анық. Жаңа әдебиеттер келуі сиреген, сол уақыттарда кітапханашы оқырманын жоғалтпай, әлі де жаңа оқырмандарды кітапханаға шақыруда көпшілік шаралар өткізіп тұрды.



1998 жылдан 2003 жылға дейін кітапханада **Ерғалиева Кәмшат Ниязқызы** кітапханашы болып табысты еңбек етті.



2003 жылы қазан айында Батыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің түлегі **Садықова Ағила Сүйінқызы** жұмысқа келді. Жас маман өз ісіне жауапкершілікпен қарап, оқырмандармен түрлі мәдени-көпшілік шараларды заман талабына сай жаңаша бағытта өткізіп отырды.

Бүгінгі таңда балалар кітапханасында кітапхана меңгерушісі **Акутина Людмила Валентиновна**, абонемент бөлімінің кітапханашысы **Демеуова Дариға Төрекұлқызы**, оқырман залының кітапханашысы **Хадесова Динара Кеңесқызы** еңбек етуде.



Кітапханада 15 мыңнан астам кітап қоры бар. Кітап қорының құрамы анықтамалық, өлкетану әдебиеттері, педагогикалық, өнер, көркем әдебиеттермен толықтырылған. Анықтама-ізвестіру аппаратына енетін әріпнамалық және жүйелік каталогтар бар. Қазіргі уақытта балалар кітапханасында оқырман залы, абонемент бөлімі 2000-нің үстінде оқырмандарға қызмет көрсетеді.

Балалар кітапханасы - балалардың оқуға деген қызығушылығын тәрбиелейтін, ой-өрісін дамытатын көркем шығармалар мен білімді қатар ұсынатын рухани орта. Ол әдептілік пен мәдениетті сақтайтын адамгершілік қарым-қатынасты, ортақ мүлікті мәдениетті түрде пайдалана білумен басқалар алдындағы жауапкершілікті сезінуді, көрген, естіген, оқыған нәрселерін түсініп, талдауды және өз пікірін қорғай білуді балаларға үйрететін қасиетті шаңырақ. Бүгінгі күні балалар кітапханасы-көпқалыпты және ерекше құбылыс. Кітапхана жұмысының нышаны ретінде ізденіс, өндіріс, жаңарту процестері үнемі бірінші орында. Сонымен қатар, балалар кітапханасы ауылдық кітапханаларға балалармен жұмыс жүргізуде әдістемелік орталық болып саналады. Кітапхана ұжымы жемісті еңбек етумен қатар, өзінің түрлі сала бойынша жинақталған кітап қорын насихаттап, өз оқырмандарының талап-тілегін орындау, балалармен жұмыс түріне жаңашылдық енгізу, дамыту мақсатында тынымсыз еңбектену үстінде.

Кітапхана қызметкерлері оқырмандарға кітап қорын насихаттаумен қатар, әртүрлі тақырыптар бойынша көпшілік шараларды үнемі өткізіп отырды.

1986 жылы балалар кітапханасына **Акутина Людмила Валентиновна** жұмысқа келіп, бүгінгі күнге дейін балалар кітапханасының меңгерушісі ретінде табысты еңбек етіп келеді. Білікті маман, шебер ұйымдастырушы өз ісіне шын берілген кітапханашы ретінде Людмила Валентиновна бірнеше рет **«Құрмет грамотасымен»**



марапатталса 2002 жылы жылдың **«Үздік кітапханашысы»** атанды. Әрбір жылдарда ұйымдастырылған көпшілік шараларға белсене атсалысқаны үшін аудандық мәдениет бөлімі, облыстық мәдениет басқармасы атынан алғыс хат, марапатқа ие болып жүр. Аудан, облыс көлемінде еңбегі еленіп жүрген Л.Акутинаның өмір деректерін аудандық мұражайға қойылды. Ол әрине кітапханашылар үшін де зор қуаныш.

1991 жылдың шілде айынан бастап **Демеуова Дариға Төрекұлқызы** балалар кітапханасына жұмысқа келіп, күні бүгінге дейін абонемент бөлімінің кітапханашысы болып еңбек етуде. Балалар мен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеп, оқырмандар құрметіне бөленген жан. Өз ісінің



білгірі, түрлі мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастырып, жас ұрпаққа тәлімді тәрбие беру ісіне зор үлес қосып келеді. Кәсіби біліктілігін арттырып, түрлі облыстық семинарларға қатысып, аудандық кеңестерде «Балалар кітапханасының іс-тәжірибесінен», «Балалар оқуына басшылық», «Кітапхана ісін жарнамалау» тақырыптарына баяндама жасады. Кітапхана қабырғасындағы ұйымдастырылған әртүрлі мерекелік шараларды өткізу барысында, ұшқыр қиялды шебер ұйымдастырушы ретінде жастарға үлгі болып келеді. Осындай еңбегі бағаланып 2000 жылы Дариға Төрекұлқызы «Жылдың үздік кітапханашысы» деп танылып, марапатталды.

Қазіргі уақытта балаларды кітапханаға тартудың бірден –бір маңызды түрі түрлі-түсті безендендірілген кітап көрмесі. Кітапханада 2007 жылдан пойыз вагондары іспетті «Кітапханалық керуен»



«Кітап тиіп жолға шықтым,

Оқырманды табам ба деп.

Әр тіркеме сыр шертеді,

Қызыққа толы тақырыппен» деп

басталатын 6 бөлім:

I- «Ертегілер»

II-«Шытырман уақиғалар»

III-«Тарихи танымдық әңгімелер»

IV-«Табиғат ,жануар әлемі»

V-«Балалар поэзиясы»

VI-«Жанұямен бірге оқимыз» атты кітап көрмесі тақырыпқа сай маңызы бар, түрлі-түсті, тартымды безендендірілген әдебиеттерден жинақталған. Бұл да кітап көрмесінің көрнекі насихат жұмысының жаңаша бастамасы.

Балалар мен жасөспірімдерді біріктіретін рухани қарым-қатынас жасап, өзара түсінісу мақсатында балалар кітапханасында 1995 жылдан «Тығыз қарым-қатынаста болу» демалыс күнгі клубы жұмыс жасайды. Бұл клубқа 3-ші кластан мүше болып тұтастай класс кіріп, 6-ші класты бітіргенше кітапханалық шараларға белсене қатысып, өздерінің бастамасымен де шаралар өткізіп, барлық балалар кітапханасының оқырмандарына үлгі көрсетеді. Осы жылдар арасында балалардың білімділік, танымдылық ерекшеліктерімен қатар, кітапханаға келуі жиелеген сайын, кітап оқуға да ынтасы арта түседі. Сондай-ақ бала бойындағы ерекшелік, дарындылық айқындалып, шара барысында көзге түсіп, аудан көлеміндегі өтетін



шараларға да осы жерден таңдалып, талабы жарыққа шығуына септігі тиіп жатады. Мыс: осы клубтың 1999 жылғы мүшесі Жанна Шаймұханованың «Көркемсөз шебері» дәрежесіне көтерілуі. 2002-2006 жылдағы клуб мүшесі Асхат Байжүменовтің «Көркемсөз шебері» аудандық, облыстық байқауларына қатысып жүлделі орындарға ие болуы кітапхананың тәрбиесі екені сөзсіз. Және осы клуб мүшелері жыл оқырмандары, белсенді оқырмандар болып танылуда.

1987 жылы «Көңілді негішілер» клубы ашылды. Клубтың дивизи: «Білім, есігіңді аш!». Сол кезде клуб жетекшісі Айтқалиева Марфуға болып, жоспарлы түрде шаралар өткізіп, таныстық-саяхат жұмыстарын да жүргізіп отырды. Мысалы,

«Лениндік шындық» кітабын дауыстап оқу

«Аңызға айналған батыр» әңгіме

«Неге? Неліктен? Қалай?» әдеби ойын

1989 жылы «Достық қолын-табиғатқа» ертеңгілік т.с.с көпшілік шараларды қызықты етіп өткізу арқылы клуб мүшелерін көбейтіп отырды. Осы клуб жетекшісі болып 1989 - 1991 жылдар аралығында С.Салиева 1991 жылдан күні бүгінге дейін Дариға Демеуова клубтың жетекшісі болып, бұрынғы мүшелерімен де қарым-қатынас ұстап жалғастырып келеді.

Орталық балалар кітапханасы байқауға қатысып:

1999 жылы- Экология тақырыбы бойынша «Жер шарын қорғайық» атты облыстық байқауда таңдаулы иллюстрациялық кітап көрмесі үшін III орын;

1999-2000 жылы- салауатты өмір салтын насихатау ісінде «Барыс балалары күшті болуы тиіс»-атты облыстық байқауда II орын;

2000-жылы- «Ананың әңгімесі» атты облыстық байқауда алғыс хатпен марапатталды.

2003 жылы- «Жайық ұландары және кітапханалар-есірткісіз Қазақстан үшін»-атты облыстық акцияға атсалысып бағалы сыйлықпен алғыс хатпен марапатталды:

2004 жылы-Облыстық кітапханалар арасында балалармен жасөспірімдерге экология бойынша жүргізілетін ағарту жұмыстарының жобасы бойынша өткізілген байқауда I орын;

2005 жылы-Ұлы Абайдың 160 жылдық мерей тойына орай өткен «Есімі-халқының мақтанышы» атты облыстық байқауға қатысып, алғыс хатпен марапатталды.

2005 жылдың 17 тамызда облыстық Гайдар атындағы балалар мен жасөспірімдер кітапханасының ұйымдастыруымен аудандық балалар

кітапханасында «Қазақстандық патриотизмнің даму үрдістері» атты облыстық – аймақтық семинар өткізілді.

2006 жылы-Атақты ақын, қоғам қайраткері Шәңгерей Бөкеевтің 160 жылдығына орай ауыл кітапханашылары арасында «Шәңгерейдің шұғылалы жырлары» тақырыбында әдістемелік құралдарға жарияланған облыстық кәсіби шығармашылық байқаудан орталық балалар кітапханашысы Динара Хадесова «Еркіндік аңсаған ақын» тақырыбындағы құралы жүлделі ІІІ орынды иеленді.

Соңғы жылдары әр жылдың қорытындысы бойынша кітапханаға ең көп келген оқырман анықталып, «**Жылдың үздік оқырманы**» атты оқырман бенефисін өткізу дәстүрлі шараға айналды. Балаларды кішкентай кезінен кітапқа деген сүйіспеншілігін, оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында балалар кітапханасы оқырман парағын сараптап, іріктеу барысында оқырмандардың кітап оқудағы ерекшеліктерін анықтап, кітап құмар оқырмандардың оқыған кітаптарымен ой бөлісуге, осындай іс шаралар қолға алынған жылдардан бастап үздік оқырмандарымыз көбейіп келетіні зор қуаныш.

1999 жылдың «Үздік оқырманы» деп №1 орта мектептің «ба» сынып оқушысы Жигулина Виктория танылды. *Жайық таңы.* -2000.

2000 жылы Абай атындағы мектеп-гимназиясының 6 сынып оқушысы Жамалиева Самал «**Жылдың үздік оқырманы**» атанды.

Сүйіп оқитын кітаптары: Танымдылық әдебиеттер, көркем және отандық – тарихи әдебиеттерді көптеп оқиды.



2001 жылдың қорытындысы бойынша жыл ішінде 75 кітап оқыған М. Әуезов атындағы №2 орта мектептің 3 сынып оқушысы Жақанов Алдаберген «Жылдың үздік оқырманы» деп танылып, марапаттауға ие болды. Демеуова Д. *Жылдың үздік оқырманы // Жайық таңы.* -2001. -20 сәуір. -б.3

Сонымен қатар М. Әуезов атындағы орта мектептің 4 сынып оқушысы Қайресов Мирас «2002 жылдың үздік оқырманы» атанды.

Мирас 1-ші сыныптан бастап кітапхананың тұрақты оқырманы, көпшілік шаралардың белсенді мүшесі. Жылына 95-98 кітап оқып, ертегі, аңыз кітаптарын сүйіп оқиды.



«2003 жылдың үздік оқырманы» деп, М. Әуезов атындағы №2 орта мектептің 8 сынып оқушысы Абдрахманов Нұрлыбек танылды.



Сондай-ақ, балалар кітапханасының тұрақты оқырманы, Абай атындағы мектеп –гимназиясының 4 сынып оқушысы Кеңесова Еңлік «2004 жылдың үздік оқырманы» атанып, марапаттауға ие болды.


2005 жылдың қорытындысы бойынша М. Әуезов атындағы №2 орта мектептің 8 сынып оқушысы Жақанов Алдаберген екінші рет «Жылдың үздік оқырманы» атанды.




«2006 жылдың үздік оқырманы» деп 6-сынып оқушысы Серік Бибінұр марапатталды. Бибінұр жылына 97 кітап оқып, кітапханалық көпшілік шараларға белсене қатыстып келеді.



Аманкулова Фатима Абай атындағы мектеп-гимназияның 7 «а» класс оқушысы. 2-ші сыныптан бастап балалар кітапханасының үздік оқырманы болып саналып келе жатқан ол, 2007 жылдың сараптама бойынша жылында 111 кітап оқып, қорытындысында 2007 жылдың «Үздік оқырманы» атанды.



Орталық балалар кітапханасының 1985-2007 жылдар аралығындағы оқырмандар, кітап қорының орташа есеппен алынған көрсеткіштері.



Орталық балалар кітапханасының 2004-2008 жылдар аралығындағы мерзімді басылым көрсеткіштері.